

**Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасын-да құқықбұзушылық-тың алдын алу,
«Буллингке жол жоқ!»**

Құрметті оқушылар!

Осы сәтті пайдалана отырып, сіздердің қауіпсіздіктеріңізді қамтамасыз ету, өмір қауіпсіздігі негіздері туралы біліміңізді арттыру бойынша полицияның қабылдап жатқан шаралары туралы қысқаша ақпаратты айтайын.

- Біріншіден, мен **жолдардағы қауіпсіздік** мәселесіне тоқталғым келеді, Жетісай көлік ағыны көпқала болып табылады.

Бүгін әр мектептің жанында сіз жылдамдықты шектейтін жол белгілерін, жаяу жүргіншілер өткелдерін және жасанды соққыларды көре аласыз.

Сондықтан Мен сізге жол ережелерін сақтау қажеттілігі туралы жүгінемін. Ережелерді өзіңіз ғана емес, өзіңізден кішілерін де үйретуіңіз керек.

18 жасқа толмаған адамдарға көлік құралдарын басқаруға заңнамалық тыйым салу туралы бәріңіз білесіздер, бұл үшін ата-аналарға айыппұл және айыппұл тұрағына машиналарды орналастыру түрінде Санкциялар қарастырылғанын ескертемін.

Бүгінгі таңда көлік ағынының артуына байланысты жолдарда кең таралған электр скутерлері мен мопедтер қауіп төндіреді.

Мопед жүргізушілеріне жол жиегімен және тротуарлармен жүруге тыйым салынады (жол қозғалысы ережелерінің 168-тармағы).

Мопедті басқару құқығы **он алты жасқа** толған адамдарға беріледі.

Жүріс бөлігімен жүру кезінде мопедтің жүргізушісі мен жолаушысы түймеленген дулығада, ал қараңғы уақытта жарық шағылыстыратын элементтері бар болуы тиіс.

Жол қозғалысы ережелерін бұзған кезде полиция мопедтерді ұстауға және пайдалануға тыйым салуға құқылы.

16 жасқа толмаған адамды мопедпен басқарғаны үшін Сіз жауапқа тартылатындығыңызға ата-аналардың назарын аударамыз.

- Тағы бір мәселе-көшеде, үйде және қоғамдық орындарда жүріс-тұрыс ережелері.

Талдау көрсеткендей, кәмелетке толмағандар көбінесе қауіпсіз **мінез-құлықтың қарапайым ережелерін білмеу нәтижесінде қылмыстың құрбаны** болады.

Ата-аналардың және оқушылардың назарына жасы 18 толмаған балалардың түнгі сағат 22:00 ден кейін заңды өкілінің еріп жүруінсіз ойын-сауық мекемелерінде болуы, ҚР ӘҚБтК-нің 442-бабының 1-бөлігінде көзделген құқық бұзушылыққа әкеп соғады. Онда 3 АЕК мөлшерінде ата-анасына айыппұл салынады.

Ал, 18 жасқа толмаған жасөспірімдердің 23:00 ден кейін заңды өкілінің еріп жүруінсіз тұрғын жайынан тыс жерде болуы, ҚР ӘҚБтК-нің 442-бабының 2-бөлігінде көзделген құқық бұзушылыққа әкеп соғады.

Жоғарыда көрсетілген әкімшілік құқық бұзушылықтар бір жылдың ішінде қайталанған жағдайда жасөспірімдердің ата-аналарына 7 АЕК айыппұл салынады.

Қоғамдық орында соның ішінде мектеп қабырғасында былапыт сөйлеу, өзгелерге зәбір көрсету, мүлікті зақымдау қорлау әрекеттерін жасау ҚР ӘҚБтК-нің 434-бабында және 435-баптарында (*КЖТ жасаған ұсақ бұзақылық*) көрсетілген жауапкершілікке әкеп соғады. Онда 7 АЕК мөлшерінде айыппұл көзделген.

Қоғамдық орында, (мектепте, парк, саябақ және т.б) темекі және электронды темекі бұйымдарын тұтыну, ҚР ӘҚБтК-нің 441-бабында көзделген құқық бұзушылықпен жазаланады. Онда 15 АЕК көлемінде айыппұл қарастырылған.

Жасы 16 толмаған әр жасөспірімнің жасаған әкімшілік және қылмыстық құқық бұзушылықтары үшін ата-аналары (*немесе құқық бұзушылық мектеп қабырғасында орын алған жағдайда педагог*) жауаптылықта болады. Оларға қатысты ҚР ӘҚБтК-нің 127-

бабында (*Кәмелетке толмағандардың тәрбиелеу немесе білім беру жөніндегі шараларды орындамау*) көзделген құқық бұзушылықпен жазаланады.

Кәмелетке толмаған адамды жәбірлеу (буллинг, кибербуллинг), яғни әлімжеттік көрсету, бопсалау арқылы ақша жинау немесе тағы басқада іс-әрекеттер жасау ҚР ӘҚБтК-нің 127-2-бабында көрсетілген құқық бұзушылықпен жазаланады. Онда 10 АЕК көлемінде айыппұл қарастырылған қайталанған жағдайда 30 АЕК айыппұл салынады.

Ағымдағы жыл басынан бері Жетісай ауданында жасөспірімдер жасаған суицидтің 6-фактісі тіркелген. 3 жасөспірім қаза тапқан, 3 жасөспірім өз-өзіне қол жұмсауға оқталған. Бұл мәселе өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Себебі елімізде жасөспірімдердің өз-өзіне қол жұмсау дерегі жиі болуда. Адамның ең қымбат, қастерлі табиғи құқығы ол – өмір сүру. Алайда адамға берілген ең қымбат сый және аманат өмірдің қадірін жете түсінбеу салдарынан суицид жиілеп, жасөспірімдер өз өмірін қиюда. Осындай деректің алдын алу үшін, ата-аналар, мұғалімдер, психологтар, полиция және басқада қызмет сала өкілдері және оқушылармен бірлесе қарқынды жұмыс атқаруға шақырамын. Оқушылардан сұрарым, жаныңыздағы досыңыз, сыныптасыңыз өмірлік қиын жағдайға душар болып, өз-өзіне қол жұмсағысы келіп жүргенін хабарлайтын болса, оған жан-жақты қолдау көрсетіп, ол жөнінде мұғалімдерге, психологтарға және полицияға дер кезінде айтуыңызды сұраймын.

Қолданыстағы заңдарға сәйкес **16 жасқа толған** адам қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Бұл ретте бірқатар **ауыр және аса ауыр қылмыстар**(*кісі өлтіру, зорлау, денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру, адамды ұрлау, ұрлық, тонау, бопсалау, терроризм актісі туралы көрінеу жалған хабарлау, ауырлататын мән-жайлардағы бұзақылық және т.б.*) жасағаны үшін қылмыстық жауаптылық 14 жастан басталады.

16 жасқа толған адамдар әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

16 жасқа толмаған адамдар құқық бұзушылық жасаған кезде олардың ата-аналары жауап береді.

Өз кезегінде, қылмыстық не әкімшілік жауаптылыққа тарту құқық қорғау органдарының ақпараттық жүйелерінде көрсетіледі, ол одан әрі барлық жерде, оның ішінде жоғарғы оқу орнына түсу немесе жұмысқа орналасу кезінде ескеріледі.

Бүгін біз өте маңызды мәселе туралы сөйлесеміз. Бұл — сіздердің болашақтарыңызға тікелей әсер ететін құбылыстар:

- 1)Құмар ойынға тәуелділік (лудомания),
- 2)Нашақорлық,
- 3)Буллинг (мазақ ету, қорлау).

1) Құмар ойын және «жеңіл ақша» алдамшы сенім.

Қазіргі уақытта интернетте және әлеуметтік желілерде «ставка қойып оңай ақша тап» деген жарнамалар көп.

Адам бір рет қоямын дейді, бірақ ол әдетке айналып кетеді.

Құмар ойынның салдары:

- Ақша жоғалту,
- Ашушаң болу,
- Отбасы және достармен қарым-қатынас нашарлауы,
- Өзіне деген сенімділіктің жоғалуы.

Қазақстан Республикасының заңына сәйкес, кәмелетке толмағандарға құмар ойынға қатысуға тыйым салынады.

2)Нашақорлық

Есірткі – бұл жай ғана зиянды зат емес, ол адамның миына, денсаулығына және болашағына қауіп төндіреді. Көп адамдар «бір рет байқап көрейін» деп бастайды, бірақ соңы тәуелділікке алып келеді.

Салдары:

- Денсаулықтың бұзылуы,
- Жүйке жүйесінің әлсіреуі,
- Өзін-өзі бақылаудың жоғалуы,
- Қылмысқа баруға итермелеуі.

Заң бойынша:

ҚР ҚК 297-бабы – есірткі тарату 3 жылдан 15 жылға дейін бас бостандығынан айыруды көздейді.

3) Буллинг

Буллинг – бұл біреуді әдейі мазақ ету, ренжіту, топтан шеттету.

Бұл психологиялық жара қалдырады.

Мысалы:

- Біреуді ат қойып шақыру,
- Әлеуметтік желіде масқаралау,
- Топтан шеттету,
- Сөзбен қорлау.

Қазақстан Республикасының «Баланың құқықтарын қорғау туралы» заңына сәйкес, әр баланың ар-намысын таптатпауға құқығы бар.

Не істеу керек?

- Жаман ортадан аулақ болыңыз.
- Дұрыс дос таңдаңыз.
- Проблема болса – үнсіз қалмаңыз.
- Ата-ана, мұғалім немесе полиция қызметкеріне айтыңыз.

Бұл батылдықтың белгісі.

Қорытынды:

Өмір – сіздердің алдарыңызда тұрған үлкен жол.

Сол жолдың қандай болатыны – сіздің таңдауыңызда.

Сендер — біздің болашағымыз.

Біз сендердің мықты, білімді және жауапты азамат болып өскендеріңді қалаймыз!

Назарларыңызға рақмет!